

«Кселл Контакт» қызметін көрсету шарты

(Қосылу шарты)

Осы «Кселл Контакт» қызметін көрсету туралы қосылу шарты (бұдан әрі – Шарт) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 389-бабына сәйкес, бұдан әрі «**Оператор**» деп аталатын «**Кселл**» **акционерлік қоғамының** осы Шартқа оның талаптарына сәйкес қосылған, бұдан әрі «**Клиент**» деп аталатын тұлғаға «Кселл Контакт» қызметін (бұдан әрі – Қызмет) көрсету шарттарын айқындайды. Оператор мен Клиент Шарт бойынша бірлесіп «Тараптар», ал жекелей «Тарап» немесе жоғарыда көрсетілгендей аталады.

1. Анықтамалар

1.1. Осы Шартта келесі терминдер, мәнмәтінде өзгесі көрсетілмесе, осы бөлімде анықталғандай мәнге ие:

1.1.1. «**Абонент**» – Оператордың қызмет көрсету туралы жария шартына қосылған, «SMART» бағдарламасының қатысушысы (бұдан әрі – SMART базасы) болып табылатын жеке тұлға немесе Клиенттің базасына енгізілген және Клиенттен жарнамалық сипаттағы ақпаратты алуға келісімін, сондай-ақ абонент туралы дербес деректерді/қызметтік ақпаратты жинау мен өңдеуге келісімін берген жеке тұлға (бұдан әрі – Клиент базасы).

1.1.2. «**SMART**» **бағдарламасы** - Абоненттерге Оператордан және оның әріптестерінен ақпараттық, жарнамалық-ақпараттық және жарнамалық сипаттағы хабарламаларды Операторға қол жетімді кез келген тәсілдер арқылы «SMART» бағдарламасын пайдалану қағидаларына сәйкес алуға мүмкіндік беретін Оператордың сервисі. «SMART» бағдарламасында Абоненттің жарнамалық сипаттағы хабарламаларды алуға келісімі, сондай-ақ жарнамалық сипаттағы хабарламаларды алу мақсатында оның дербес деректерін/қызметтік ақпаратын жинауға және өңдеуге келісімі бар.

1.1.3. «**Клиент базасы**» – Абонент болып табылатын және Клиентке жарнамалық сипаттағы хабарламаларды алуға, сондай-ақ өздерінің дербес деректерін жинау мен өңдеуге жеке келісімдерін берген жеке тұлғалар. Клиент тиісті жазбаша сұраным бойынша мұндай келісімдерді Операторға 1 (бір) жұмыс күні ішінде беруге міндеттенеді.

1.1.4. «**Абоненттік құрылғы**» – абонент белгілеген ақпаратты беру немесе қабылдау үшін электр байланыс сигналдарын қалыптастыратын және Оператор желісіне қосылатын, қызмет көрсетілетін аумақ шеңберінде тұрақты географиялық айқындалатын орны жоқ, ұялы байланыс желілерінде жұмыс істейтін және ұялы байланыс операторының абоненттік қолжетімділік жабдығымен техникалық үйлесімділікке ие жеке пайдаланудағы байланыс құралы.

1.1.5. «**Кселл контакт**» **қызметін көрсету туралы шартқа қосылуға арналған өтініш**» (немесе мәтін бойынша – Қосылу туралы өтініш) – осы Шарт аясында қол қойылатын, соның ішінде ЭЦҚ арқылы қол қойылатын, Клиенттің осы Шартқа қосылуына негіз болатын құжат. Клиенттің осы Шартқа қосылуы Клиенттің осы Шарттың барлық талаптарын толық қабылдауын білдіреді. Шартқа қосылу туралы өтініштің үлгісі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №1 қосымшада бекітілген.

1.1.6. «**Науқанды өткізуге арналған өтініш**» – осы Шарт аясында Клиент қол қоятын, соның ішінде ЭЦҚ арқылы қол қойылатын құжат; ол Науқанның атауын, Таргеттеу параметрлерін, ақпараттандыру кестесін, Ақпараттық хабарламалардың мәтіндерін және Тараптар Науқанды өткізуге арналған өтініште келісуді қажет деп санайтын өзге де талаптарды қамтиды. Науқанды өткізуге арналған өтініштің үлгісі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №2 қосымшада бекітілген.

1.1.7. «Сәйкестендіргіш» – Науканды өткізуге арналған өтініште көрсетілген, Абоненттік құрылымындағы SMS хабарламаның «Жіберуші» жиегінде бейнеленетін латын әріптерінің және/немесе цифрлардың жиынтығы.

1.1.8. «Оператордың Интернет-ресурсы»: <https://b2b.kcell.kz/ru/direct-marketing/>

1.1.9. «Ақпараттық хабарлама» – Желі және/немесе Абоненттік құрылымы арқылы қалыптастырылатын және берілетін, қабылдауға, өңдеуге, сақтауға және/немесе беруге арналған әріптік, цифрлық және/немесе өзге де символдардың, кодтардың немесе сигналдардың реттелген жиынтығы болып табылатын ақпарат бірлігі. Ақпараттық хабарлама Желінің және/немесе Абоненттік құрылымының техникалық талаптарына, хаттамаларына және шектеулеріне, соның ішінде көлеміне, форматына, құрылымына және беру тәсіліне қатысты шектеулерге сәйкес қалыптастырылған мәтіндік, сандық, символдық және өзге де ақпаратты қамтуы мүмкін. Ақпараттық хабарламаларға, соның ішінде SMS-хабарламалар, USSD-сұранымдар, push-хабарландырулар, сондай-ақ Оператордың телекоммуникациялық инфрақұрылымын және/немесе бағдарламалық-аппараттық құралдарын пайдалана отырып берілетін хабарламалардың өзге де түрлері жатады. Ақпараттық хабарламалардың параметрлері, оларды қалыптастыру, беру, жеткізу және өңдеу тәртібі Оператордың техникалық шарттарымен және/немесе осы Шарттың талаптарымен айқындалады.

1.1.10. «Ақпараттық Науқан» - Оператордың Клиентке «Кселл Контакт» қызметін ұсынуы шеңберінде Абоненттерді ақпараттандыруды жүргізуге берілген таргеттеу параметрлері мен мәтіні бар уақыт бойынша шектелген науқан.

1.1.11. «Контакт/ілер»- Науқан шеңберінде Абонентті/хабарландыру фактісі. «Контакт» деп тек Абонентке жеткізілген Ақпараттық хабарлама есептеледі.

1.1.12. «Жеке кабинет» (бұдан әрі - Өзіне-өзі қызмет көрсету жүйесі) - Клиентке Науканды дербес жоспарлауға және өткізуге мүмкіндік беретін. <https://target.kcell.kz/auth> мекенжайы бойынша орналастырылған, Науқандарды өткізуге арналған Оператордың ақпараттық жүйесі.

1.1.13. «Есеп» - жіберілген Ақпараттық хабарламалардың саны, Байланыстардың саны, Байланыстардың күндері туралы ақпаратты қамтитын өткізілген Науқан бойынша деректер жиынтығы.

1.1.14. «Есепті кезең» - осы Шарт шеңберінде Қызметтер көрсетілген күнтізбелік ай. Айдың бірінші күні - Есепті кезеңнің басталуы, айдың соңғы күні - Есепті кезеңнің аяқталуы.

1.1.15. «Таргеттеу» - Ақпараттық Науканды орындау бойынша нысаналы аудиторияны қалыптастыру процесі. Таргеттеу үшін параметрлердің тізбесін Оператор айқындайды және ол Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын № 3 Қосымшада белгіленеді. Оператор өзінің Интернет-ресурсында № 3 қосымшаның өзекті нұсқасын жаңартуға және жариялауға құқылы. Жаңартулар орналастырылған сәттен бастап күшіне енеді.

1.1.16. «Желі» - Оператор мен Абоненттер арасындағы қысқа мәтіндік хабарламалар арқылы ақпарат алмасудың автоматтандырылған жүйесін құру және пайдалану үшін қажетті аппараттық құралдардың, жалғау арналарының және өзге де технологиялық инфрақұрылымның жиынтығы.

1.1.17. «Кселл контакт» қызметі (бұдан әрі - Қызмет/Қызметтер) - Оператор Клиентке көрсететін және Абоненттерге Клиент қызметінің түрлері мен бағыттары, оның қызметтері, тауарлары, науқандары, ұсыныстары, жеңілдіктері және басқалары туралы, бірақ шектелмей, қоса алғанда, әртүрлі мәліметтер мен ақпаратты ұсынуды қамтитын Науқандарды өткізу жөніндегі қызметтер.

1.1.18. «Нысаналы аудитория» - Оператор Клиент таңдаған белгілі бір Таргеттеу Параметрлерін ескере отырып жүзеге асырған Абоненттерді іріктеу.

2. Шарттың мәні

2.1. Шартқа сәйкес Оператор Клиенттің жазбаша өтініштері негізінде Клиентке Ақпараттық Науқандарды өткізу бойынша «Кселл Контакт» ақпараттық қызметін (бұдан әрі - «Қызмет/тер немесе» «Кселл Контакт» қызметі») көрсетеді, ал Клиент Оператордың Қызметтерін тиісті түрде қабылдауға және төлеуге міндеттенеді. Оператор Клиентке көрсететін «Кселл Контакт» қызметі Абоненттерге Клиент қызметінің түрлері мен бағыттары, оның қызметтері, тауарлары, науқандары, ұсыныстары, жеңілдіктері туралы және басқаларын қосқанда, бірақ олармен шектелместен әртүрлі мәліметтер мен ақпаратты беруден тұрады. Қажетті ақпаратты және SMS-хабарламалардың тиісті мәтіндерін қалыптастыра отырып, өзекті ұсыныстарды іріктеуді Клиент жүзеге асырады және Оператормен келісіледі.

2.2. Оператор Ақпараттық хабарламаларды редакцияламайды және жасамайды, Науқан шарттарын анықтамайды. Клиент Ақпараттық хабарламаның мазмұнын дербес айқындайды және мәтінін қалыптастырады және Ақпараттық хабарламалар мәтіндерінің қолданыстағы заңнама талаптарына және осы Шарттың талаптарына сәйкестігі үшін толық жауапты болады, сондай-ақ Таргеттеу үшін Параметрлерді таңдайды. Осы Шарттың мақсаттары үшін Оператор жарнама беруші және жарнама өндіруші болып табылмайды. Бұл ретте Оператор ақпараттық хабарламаның мәтінін таратпаны (-ларды) жүзеге асыру басталғанға дейін 10 (Он) жұмыс күнінен кешіктірмей келіседі.

2.3. Операторға Абоненттердің дербес деректерін және/немесе Абоненттер туралы қызметтік ақпаратты Клиентке немесе өзге де үшінші тұлғаларға беруге не беруге тыйым салынады.

3. Жалпы талаптар

3.1. Клиент Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде «Жарнама туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес Науқан үшін Ақпараттық хабарламаның мәтінін қалыптастырады. Бұл ретте Ақпараттық хабарламаның мәтіні: міндетті түрде қазақ және орыс тілдерінде берілуі тиіс

- 3.1.1. қазақ тілінің немесе хабарлама жолданатын басқа тілдің ережелеріне, соның ішінде грамматикалық, орфографиялық және т.б. ережелеріне сәйкес келуі тиіс. Бас әріптер әрбір жаңа сөйлемнің басында, сондай-ақ жалқы есімдерді жазғанда қолданылады. Сөздердің толығымен бас әріптермен жазылуы көпшілікке белгілі аббревиатуралар немесе тіркелген тауар белгілері үшін қолданылады;
- 3.1.2. мәтіндегі сөздер арасында, сондай-ақ тыныс белгілерінен кейін бос орындар қалдырылуы тиіс. (Мысалы, келесідей жазуға болмайды: «===++Сатылым!!!!!!++===»);
- 3.1.3. қорлайтын немесе нормативтік емес лексиканы пайдалануға, сондай-ақ қайғылы оқиғаларды (мысалы, кісі өлімі, теракт, жерлеу және т.б.) айтуға тыйым салынады.
- 3.1.4. басқа заңды және жеке тұлғалар ұсынатын тауарлармен және/немесе қызметтермен салыстыруға болмайды;
- 3.1.5. хабарлама мәтінінде пайдаланушының жасын және/немесе атын және т.б. тікелей көрсету болмауы тиіс (мысалы: «Сіз 25-тесіз бе?»); «25 жастасыз ба?»);
- 3.1.6. SMS-хабарламаларға қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс.

3.2. Науқан үшін Ақпараттық хабарламаның мәтіні, сондай-ақ Таргеттеу параметрлері Науқан өткізуге арналған өтініште көрсетіледі және Клиент электрондық пошта арқылы не Қызмет көрсету басталатын күнге дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей жеке кабинетінің интерфейсі арқылы Операторға ұсынады. Көрсетілген міндеттеме орындалмаған немесе уақтылы орындалмаған жағдайда Оператор Қызмет көрсетуден бас тартуға құқылы. Оператор Ақпараттық хабарламаның мәтінін оны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды және келіседі және растауды Клиенттің Өтініште көрсетілген электрондық мекенжайына жібереді.

3.3. Клиент Науқан өткізуге арналған Өтініш шеңберінде Таргеттеу Параметрлерін қалыптастыру кезінде осы Шартқа № 3 қосымшада көрсетілген критерийлер тізбесінен Абоненттердің Параметрлерін таңдай алады.

Егер Клиент Параметрлер тізбесінде жоқ жеке Параметрлерді көрсеткен жағдайда, Оператор:

- Тараптардың келісімі бойынша қолда бар Параметрлер тізбесі шегінде оны дербес түсіндіруге;

• Науқан басталғанға дейін Клиентті тиісті хабардар ете отырып, Науқан өткізуге арналған Өтінішті қабылдамауға құқылы.

3.4. Интернет-ресурсты пайдаланған кезде Клиент <https://target.kcell.kz/auth> мекенжайы бойынша сегменттер конструкторының интерфейсінде қолжетімді Параметрлерді пайдалануға құқылы.

3.5. Таратпа кестесін Тараптар Науқан өткізуге арналған өтініште айқындайды. Бұл ретте таратпа түнгі уақытта жүзеге асырылмайды (сағат 21: 00-ден 09: 00-ге дейін)

3.6. Оператор осы Шарттың және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына жауап бермейтін Науқан өткізуге Өтінішті орындауға қабылдамайды.

3.7. Осы Шартты іске асыру мақсатында Клиент қандай да бір жағдайларда мемлекеттік, конституциялық және қоғамдық құрылысты бұзуға, Қазақстан Республикасының және өзге де мемлекеттердің аумақтық тұтастығын, саяси тәуелсіздігін және мемлекеттік егемендігін бұзуға бағытталған Ақпараттық хабарламаларды/ақпаратты жасауға, сақтауға, таратуға, Абоненттерге беруге, соғысты, терроризмді, зорлық-зомбылықты, ұлттық ерекшелікті және діни араздықты, нәсілшілдікті және оның түрлерін (антисемитизм, фашизм) насихаттауды жүзеге асыруға, Қазақстан Республикасының немесе басқа мемлекеттер азаматтарының ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін мәліметтерді немесе ақпаратты, олардың жеке өміріне қол сұғуды, порнографиялық мазмұндағы материалдарды, өндірілуіне немесе сатылуына заңнамамен тыйым салынған өнімдер туралы ақпаратты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын және/немесе алаяқтық сипаты бар өзге де ақпаратты таратуға құқылы емес. Ақпараттық хабарламалар өз мазмұны бойынша қолданыстағы заңнаманың нормаларына, оның ішінде авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау туралы заң нормаларына, зияткерлік меншік объектілеріне, жарнама туралы заңнамаға, дербес деректер туралы заңнамаға толық сәйкес келуге, жеке адамның, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, мемлекеттің құқықтары мен бостандықтарын азаматтардың өзге де конституциялық құқықтарын бұзбауға, материалдық емес игіліктерге ешқандай түрде қол сұқпауға, оның ішінде жеке адамның өмірі мен денсаулығы, қадір-қасиеті, жеке басына қол сұғылмаушылық, іскерлік бедел, жеке өмірге қол сұғылмаушылық, жеке және отбасылық құпия, еркін жүріп-тұру құқығы, тұратын жерін және тұрғылықты жерін таңдау, атына, авторлық құқығына, азаматтың туғаннан немесе заң күшіне байланысты тиесілі өзге де жеке мүліктік емес құқықтарды мен басқа да материалдық емес игіліктерді бұзбауға тиіс.

3.8. Клиент Операторды осы Шарт аясындағы Науқандар бойынша таратылатын Ақпараттық хабарламаларға қатысты Абоненттердің, құқық иеленушілердің және кез келген өзге үшінші тұлғалардың қандай да бір шағымдарынан, талап қоюларынан қорғауға міндеттенеді және мұндай шағымдар туындаған жағдайда, соның салдарынан Операторға келтірілген барлық шығындарды өтеуге міндеттенеді. Клиент Ақпараттық хабарламалардың мәтіндерінде және/немесе Сәйкестендіргіште Клиентке тиесілі емес зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды пайдалану үшін барлық қажетті рұқсаттарға, куәліктерге, патенттерге, лицензияларға ие екенін растайды. Үшінші тұлғалардың зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды пайдалану жөніндегі барлық талаптарын Клиент дербес шешеді, алайда Операторда Клиенттің осы міндеттемені бұзуына байланысты залалдар туындаған жағдайда соңғысы Операторға келтірілген шығындарды толық көлемде өтеуге міндетті.

3.9. Қызмет «Кселл Контакт» қызметін көрсету мақсатында оның дербес деректерін жинауға және өңдеуге абоненттің келісімі және «SMART» бағдарламасының қатысушылары болып табылатын абоненттерді қоспағанда, жарнамалық сипаттағы хабарламаларды алуға келісім болған кезде ғана көрсетіледі.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.

4.1. Оператордың құқықтары мен міндеттері:

Оператор міндеттері:

4.1.1. Хабарламаларды тарату кезінде өзінің Техникалық шешімінің жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ету.

4.1.2. Осы Шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес Қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету.

4.1.3. Оператор «SMART» базасының және/немесе Клиент базасының Абоненттеріне қатысты ақпараттандыруды жүзеге асырады. Абонент «SMART» бағдарламасынан шыққан және/немесе Абонент Клиенттің Базасынан өз келісімін қайтарып алған жағдайда Оператор хабардар етуді тоқтатады. Бұл ретте Клиент 1 (бір) жұмыс күні ішінде Операторға электрондық пошта арқылы: _____ Абоненттің тиісті келісімді кері қайтарып алуы туралы хабарлайды.

4.1.4. Клиентке Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткен нысан бойынша орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) тиісті түрде ресімделген ай сайынғы Актілерін (бұдан әрі «Акт») уақтылы ұсынуға.

Оператор құқықтары:

4.1.5. Клиент осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде ақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді тиісінше орындамаған жағдайда Оператор Клиент бұзушылықтарды жойғанға дейін Қызметтер көрсетуді тоқтата тұруға және/немесе Шартты біржақты соттан тыс тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл ретте Клиент Шартты бұзған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Оператордың ықтимал шығындарын өтеуге міндеттенеді.

4.1.6. Оператор Шарттың 5.6-тармағына сәйкес осы Шарт бойынша Қызметтерге арналған тарифтерді біржақты тәртіппен және кез келген уақытта өзгертуге құқылы.

4.1.7. Оператор келесі жағдайларда Клиентке Қызмет көрсетуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады:

- техникалық мүмкіндік болмаса;
- егер Ақпараттық хабарламалардың мазмұны немесе Науқан шарттары Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе осы Шарттың талаптарына сәйкес келмесе;
- егер Клиент Оператордың тауарларымен/қызметтерімен бәсекелес тауарларға қатысты Абоненттерді хабардар ету қызметін сұратса;
- Клиент алаяқтық әрекеттер жасайды деп пайымдауға негіздер болса;
- өзге де негізделген жағдайларда.

4.2. Клиенттің құқықтары мен міндеттері:

Клиент міндеттері:

4.2.1. Клиент Оператор жіберетін тізбеге сәйкес Шарт жасасу үшін Операторға құжаттарды беруге міндетті. Клиент Науқандарда көрсетілген объектілерді (тауарларды/қызметтерді, науқандарды, ұсыныстарды, жеңілдіктерді және т.б.) сертификаттау немесе лицензиялау туралы барлық құқықтар мен рұқсат беру құжаттарының болуын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Егер Клиенттің қызметі лицензиялануға тиіс болса, Клиент Операторға оның тиісінше куәландырылған көшірмесін беруге, сондай-ақ лицензияның нөмірін және оны берген органның атауын өзінің ақпараттық-жарнамалық хабарламаларында көрсетуге міндетті.

4.2.2. Клиент өзінің қызметтерінің/тауарларының/жұмыстарының ұсынылу талаптарының сақталуы мен сапасы, олардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігі, Идентификаторды қоса алғанда, Ақпараттық хабарламалардың мазмұны үшін толық жауапты болуға; осы Шарт аясында Клиенттің Абоненттеріне берілген ақпараттың шынайылығына байланысты барлық және кез келген шағымдардан Операторды қорғауға және араша түсуге, мұндай шағымдарды өз бетінше реттеуге және Клиенттің осы тармақты бұзуы салдарынан туындаған Абоненттердің арыз-шағымдарына, үшінші тұлғалардың талап қоюларына байланысты Оператордың шығындарын толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

4.2.3. Клиент осы Шартқа және/немесе Науқан өткізуге арналған Өтініштерге, Топтаманы қосуға арналған өтінішке сәйкес Оператордың Қызметтеріне ақы төлеуді уақтылы және толық мөлшерде жүргізуге міндетті.

- 4.2.4. Клиент, егер Оператордың пікірінше, Ақпараттық хабарламалардың мәтіндері осы Шарттың талаптарын немесе қолданыстағы заңнаманы бұзатын болса, оларға өзгерістер енгізуге міндетті.
- 4.2.5. Ай сайын, бірақ Оператордан Есеп пен Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісін алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Актіге қол қоюға не себептерін көрсете отырып, Операторға жазбаша дәлелді бас тартуды ұсыну.
- 4.2.6. Клиент Оператордан тиісті талап алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде осы Шарттың бұзылуынан туындаған құжатпен расталған шығындарды Операторға өтеуге міндетті.
- 4.2.7. Клиент Операторға осы тұлғалардың дербес деректерін маркетингтік мақсатта жинауды және өңдеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жеке тұлғалардың келісімі болған кезде, сондай-ақ Қызмет көрсету үшін Клиенттің Базасына енгізілген Абоненттердің жарнамалық сипаттағы хабарламаларын алуға келісімдері болған кезде ғана Клиенттің Базасын беруге міндеттенеді.
- 4.2.8. Клиент базасына енгізілген Абонент кейіннен өзінің дербес деректерін жинау мен өңдеуге, жарнамалық сипаттағы Ақпараттық хабарламалар таратылымын алуға берген келісімін кері қайтарып алған жағдайда, Клиент мұндай Абонентті Операторға берілген Клиент базасынан шығаруға және аталған оқиға орын алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде мұндай Абонентті Науқаннан шығару үшін бұл туралы Операторға жазбаша хабарлауға міндетті.
- 4.2.9. Ақпараттық хабарламалардың мәтінінде Клиенттің интернет-ресурсына немесе өзге де ресурсына сілтеме пайдаланылған жағдайда Клиент орналастырылған ақпараттың мазмұны үшін толық жауапты болады және аталған ресурста Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Шартқа қайшы келетін ақпаратты орналастыруға жол бермеуге міндеттенеді. Шарттың осы тармағы бұзылған жағдайда Клиент үшінші тұлғалардың шағымдарына байланысты Оператордың барлық шығындарын өтеуге міндеттенеді.
- 4.2.10. Клиент Сәйкестендіргішті көрсеткен кезде құқық иеленушілердің тиісті рұқсатынсыз үшінші тұлғалардың тауар таңбаларын, қызмет көрсету таңбаларын, тауар шығарылған жерлердің атауларын және зияткерлік меншік құқықтарының өзге де объектілерін, соның ішінде үшінші тұлғалардың тауар таңбаларымен, қызмет көрсету таңбаларымен, тауар шығарылған жерлердің атауларымен немесе зияткерлік меншік құқықтарының өзге де объектілерімен шатастыру дәрежесіне дейін ұқсас белгілерді пайдаланбауға міндетті.
- 4.2.11. Клиент Қызмет көрсету талаптары туралы өзекті ақпаратпен танысу үшін Оператордың Интернет-ресурсына және/немесе Өзіне-өзі қызмет көрсету жүйесіне жүйелі түрде кіріп тұруға міндетті. Өзінде қажетті ақпараттың болмауы үшін Клиент жауапты болады.
- 4.2.12. Клиент Өзіне-өзі қызмет көрсету жүйесінде Клиенттің атынан іс-әрекеттер жасауға уәкілетті Клиент өкілі ауысқан жағдайда Операторды уақтылы хабардар етуге, сондай-ақ Өзіне-өзі қызмет көрсету жүйесіне кіру үшін қажетті деректердің құпиялылығын сақтауға міндеттенеді. Осы тармақты бұзған жағдайда Клиент мұндай бұзушылықтан туындаған барлық салдарлар үшін дербес түрде толық жауапты болады.
- 4.2.13. Клиент Өзіне-өзі қызмет көрсету жүйесінде өзінің есептік деректерін және/немесе аутентификация құралдарын (соның ішінде: логин/пароль, бір реттік кодтар (OTP), электрондық қолтаңба және сәйкестендірудің өзге де тәсілдерін қамтитын, бірақ олармен шектелмейтін) пайдалана отырып жасалған барлық іс-әрекеттер үшін жауапты болады. Аталған аутентификация құралдарын пайдалана отырып жасалған барлық іс-әрекеттер Клиенттің өзі жасаған іс-әрекеттер болып танылады. Клиент өзінің есептік деректері мен аутентификация құралдарының құпиялылығын қамтамасыз етуге міндеттенеді және оларды жоғалту, жария етіп алу немесе рұқсатсыз пайдалану тәуекелдерін өз мойнына алады. Клиент өзінің аутентификация құралдарын пайдалана отырып, Өзіне-өзі қызмет көрсету жүйесі арқылы берілген Өтініштер негізінде көрсетілген барлық Қызметтерге ақы төлеуге міндеттенеді. Клиент Өзіне-өзі қызмет көрсету жүйесінде оның атынан жасалған барлық іс-әрекеттер үшін толық жауапты болады және Өзіне-өзі қызмет көрсету жүйесі арқылы берілген Науқанды өткізуге арналған өтініш пен Топтаманы қосуға арналған өтініш негізінде көрсетілген барлық Қызметтердің ақысын төлеуге міндеттенеді.

4.2.14. Клиент оның жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкестігін растайтын мынадай құжаттардың көшірмелерін (бейрезидент үшін - орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасымен қоса аппостиль қойылған құжаттар (заңнама талаптары болған кезде):

- Шартқа қол қоятын тұлғаның өкілеттігін растайтын құжат (бірінші басшыны тағайындау туралы заңды тұлғаның уәкілетті басқару органының шешімі, сенімхат) және Клиенттің атынан өзге де ресми құжаттар;
- Жарғы;
- банк шотының нөмірі (бейрезиденттер үшін - есеп айырысу);
- заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама (резидент еместер үшін - сауда тізілімінен үзінді);
- ҚҚС бойынша есепке алу куәлігі (болған жағдайда)
- қызметтің белгілі бір түрімен айналысуға лицензия (бар болса);
- мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мекемелердің құқықтық жағдайын реттейтін құжаттар және олар орындайтын мемлекеттік функциялар.

4.2.15. Клиент Шарттың талаптары № 4 қосымшада қамтылған санкциялық ескертпені сақтауға міндеттенеді.

5. Қызметтердің құны және өзара есеп айырысу тәртібі

5.1. Қызмет құны мен төлеу тәртібі Оператордың Интернет-ресурсында мына сілтеме бойынша орналастырылған Оператор тарифтерімен айқындалады: <https://b2b.kcell.kz/ru/direct-marketing/>

5.2. Оператор көрсетілген қызметтер көлемінің ай сайынғы есебін жүргізеді және оны орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актілерінде (бұдан әрі - мәтін бойынша АКТ) және электрондық шот-фактураларда көрсетеді. Электрондық шот-фактуралар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес www.esf.gov.kz мемлекеттік порталындағы «Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесінде (ЭШФ АЖ) есепті айдан кейінгі айдың 15 (он бесінші) күнінен кешіктірілмей ұсынылады. Оператор орындалған жұмыстар актісін клиентке екі данада жібереді. Клиент Актіні Оператордан алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ескертулер болмаған жағдайда оған өз тарапынан қол қояды және бір данасын Операторға қайтарады.

5.3. Электрондық шот-фактура бойынша шағымдарды, ескертулерді және түсіндірулерді Оператор оларды Клиенттің Операторға төлем мерзімі аяқталғанға дейін жіберген жағдайында ғана қарастырады. Шағымды жіберу Клиентті электрондық шот-фактурада көрсетілген толық соманы төлеу міндетінен босатпайды. Оператордың Клиенттің талап арызымен келіскен жағдайында, Тараптар Актіге кейіннен түзетілген электрондық шот-фактураны ұсынумен келісілген өзгеріс енгізеді.

5.4. Оператор Клиенттен қарсылықтармен және жоғарыда көрсетілген мерзімдерде шағым және нақтыланған есепті алмаған жағдайда, Қызметтер Клиент толық көлемде ұсынған және қабылдаған болып есептеледі.

5.5. Клиент Қызметтерге ақы төлеуді төлемді тағайындауда төлем жүргізілетін шот-фактураның нөмірін көрсете отырып, осы Шарттың 11-бөлімінде көрсетілген Оператордың деректемелері бойынша қолма-қол ақшасыз аударуды жүзеге асыру жолымен есепті айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей жүргізеді.

5.6. Оператор тарифтердің қолданысқа енгізілуіне дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Оператордың <https://b2b.kcell.kz/ru/direct-marketing/> сілтемесі бойынша интернет-ресурсында және Өзіне-өзі қызмет көрсету жүйесінде өзгерістер туралы ақпаратты алдын ала орналастыра отырып, тарифтерді өзгертуге құқылы, бұл ретте Тараптар осындай өзгеріс туралы хабарландыруға дейін келіскен Топтаманы қосуға арналған өтініш бойынша тарифтер осындай Өтініш бойынша Науқан аяқталғанға дейін өзгеріссіз қолданылады. Клиент жаңа тарифтермен келіспеген жағдайда осы Шарт Клиенттің тиісті өтінішке қол қою жолымен бұзылуға тиіс.

5.7. Осындай өзгерістер күшіне енгеннен кейін Клиенттің Қызметтерді іс жүзінде пайдалануы Клиенттің өзгерген тарифтермен мүлтіксіз келісуі болып табылады.

5.8. Абоненттер үшін Контактілердің құны тарифтелмейді. Клиент Операторға Контактілердің барлық құнын дербес төлейді.

6. Құпиялылық

6.1. «Құпия ақпарат» термині осы Шартты жасау және орындау барысында белгілі болған, техникалық, қаржы, коммерциялық мәліметтерді, банк құпиясын, ноу-хау және Оператор мен Клиенттің, олардың контрагенттерінің қызметіне қатысты және жалпыға қолжетімді емес басқа мәліметтерді шектеусіз қамтиды.

6.2. Оператор арқылы Абоненттің/Пайдаланушының Клиентке беретін ақпараты, Абонент/Пайдаланушы туралы деректер (Пайдаланушы туралы деректер, абоненттік нөмірі, сәйкестендіру коды, электрондық почта мекенжайы, почталық мекенжай, төлқұжат деректері, Пайдаланушыға ұсынылатын Сервистер туралы деректер және т.б.) құпия ақпаратқа жатады және Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының талаптарына сәйкес алынған Абоненттің/Пайдаланушының келісімі болған кезде ғана ұсынылады.

6.3. Тараптардың әрқайсысы сот және өзге де бақылау-қадағалау мемлекеттік органдарының өз өкілеттіктері шеңберіндегі сұранымдарына байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз осы Шартты жасасу және/ақ орындау кезінде өзі қол жеткізген немесе қол жеткізе алатын екінші Тараптың құпия ақпаратын жария етпеуге және/немесе үшінші тұлғаларға өзге тәсілмен бермеуге міндеттенеді.

6.4. Жалпыға қолжетімді, ресми көзден алынған ақпарат құпия болып есептелмейді.

6.5. Тараптардың жазбаша келісімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тікелей көзделген жағдайларда ғана, осы Шарттың жарамдылық мерзімі ішінде және Шарттың күші тоқтағаннан кейін, 5 (бес) жыл ішінде құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға беру, жариялау немесе басқалай ашуға болады.

6.6. Материалдық тасымалдауышпен берілген барлық құпия сипаттағы мәліметтер «құпия ақпарат», «құпия» немесе тағы басқа белгімен белгіленген болу тиіс.

6.7. Құпия ақпарат Тараптардың осы Шартты орындауға қатысатын жұмыскерлеріне ғана жеткізілуі тиіс.

6.8. Құпиялық туралы шарттарды бұзған Тарап Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

6.9. Клиент өзі және осы Шарт талаптары туралы ақпараттың Оператор мен оның аффилирленген тұлғаларына, сондай-ақ соның ішінде, бірақ олармен шектелместен, жұмыскерлерге, мердігерлерге, консультанттарға, қызметтердің, атап айтқанда, бағдарламалық қамтамасыздандыру және ІТ жүйелер қызметтерінің провайдерлеріне ашып көрсетілуіне өз келісімін береді. Сонымен қатар, Клиент туралы ақпаратты «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы аясында беруге болады.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Оператор қандай да болмасын тікелей немесе жанама шығындар немесе биллингтік жүйе/SMS-орталық және/немесе басқа жабдық жұмысында техникалық іркіліс болған жағдайда залал үшін Клиент және үшінші тұлғалар алдында материалдық жауапкершілікте болмайды.

7.3. Оператор Абоненттің SMS-хабарламаларды алу немесе басқа арналармен хабарлау мүмкін еместігі үшін жауапты болмайды.

7.4. Клиент Шарт бойынша төлем мерзімін сақтамаған жағдайда, Оператор Клиенттен төлем мерзімі өткен әрбір күн үшін, бірақ кез келген жағдайда берешек сомасының 10% (он пайызынан) аспайтын, төлеуге ұсынылған шот сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде өсімпұл өндіріп алуға құқылы.

7.5. Шарттың 3.1, 3.5, 4.2-тармақтарында көзделген міндеттемелер бұзылған жағдайда Оператор Клиенттен әрбір бұзушылық үшін 5 АЕК мөлшерінде айыппұл өндіріп алуға құқылы. Бұдан басқа, Клиент Операторға Клиенттің Шарт бойынша міндеттемелерін орындамауынан, тиісінше орындамауынан келтірілген залалды толық мөлшерде өтеуге міндетті.

7.6. Клиент хабарлауға, мәтіндердің мазмұнына және олардың дұрыстығына немесе Клиенттің жарнамалық ақпаратына, қызметтерінің/тауарларының сапасына қатысты барлық талап-арыздарды/шағымдарды дербес реттеуге міндеттенеді. Егер бұл ретте Оператор тұрақсыздық айыбын/залалдарды/шығындарды қоса алғанда, қандай да бір шығыстарды көтерсе, Клиент Оператордың барлық осындай шығыстарын толық көлемде өтеуге міндетті.

7.7. Егер Оператор Клиенттен Шартта көзделген тұрақсыздық айыбын (айыппұлды немесе өсімпұлды) төлеуді талап етсе, мұндай тұрақсыздық айыбын Клиент Оператордың талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде төлейді.

8. Форс-мажор жағдайлары

8.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер бұл орындамау Шарт жасалғаннан кейін туындаған еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болып табылса және Тараптар алдын ала біле алмаған немесе алдын ала алмаған болса. Шартта көрсетілген жағдайлар табиғи апат құбылыстарын (жер сілкінісі, су тасқыны, өрт, тайфун, т.б.), әскери іс-әрекеттерді, жаппай ауруларды (эпидемия), жалпы қолданатын байланыс телефон желілерінде және Интернет желілерінде апаттарды және Тараптарға байланысты емес (алдын алуға және болжауға болмайтын) басқа жағдайларды білдіреді.

8.2. Шарттың 8.1 тармағында көрсетілген жағдайлар орын алған жағдайында әр Тарап осы жағдайлар туралы екінші Тарапқа кідірмей, жазбаша хабарлауы тиіс. Хабарлама жағдайлардың сипаты туралы деректерді қамтуы тиіс. Шарттың 8.1 тармағында көрсетілген жағдайлар орын алғаны өкілетті ұйымның құжатымен расталуы тиіс.

8.3. Шарттың 8.1.-тармағында қарастырылған жағдайлар орын алған жағдайда Тараптың Шарт бойынша міндеттемелерін орындау мерзімі мұндай жағдайлар әрекет ететін мерзімге тең ұзартылады.

8.4. Шарттың 8.1.-тармағында аталған орын алған жағдайлар және олардың салдарлары 2 (екі) айдан астам орын алатын болса, Тараптар Шартты орындаудың қолайлы балама тәсілдерін анықтау үшін қосымша келіссөздер жүргізеді. 8.5.

8.5. Еңсерілмейтін күш жағдайларының туындағаны себепті Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны туралы хабарламаған немесе уақтылы хабарламаған Тараптың, осы жағдайларға тікелей байланысты хабарламаған немесе уақтылы хабарламаған жағдайлардан басқа кезде, әрі қарай осы жағдайларға сілтеме жасауға құқысы жоқ.

9. Дауларды қарау тәртібі.

9.1. Шарт бойынша немесе оған байланысты Тараптардың дауларын Тараптар келіссөздер арқылы шешеді, ал келісімге келмеген жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, Оператордың орналасқан жеріндегі Қазақстан Республикасының сот органдарында қарастырылады.

9.2. Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес дауларды сот органдарында шешуді қоса, электронды түрде және/немесе қағаз жүзінде берілген ақпаратты даулар мен келіспеушіліктерді шешу үшін дәлел ретінде тануға келіседі.

10. Шарттың әрекет етуі

10.1. Осы Шарт Клиент Қосылу туралы өтініш берген сәттен бастап күшіне енеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе осы Шарттың талаптарына сәйкес ол тоқтатылғанға дейін қолданылады.

10.2. Осы Шарт Тараптардың бірінің бастамасы бойынша бұзылуы мүмкін, бұл ретте соңғысы екінші Тарапқа бұзу (Шарттан бас тарту) күніне дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын мерзімінен бұрын бұзу туралы жазбаша хабарлама жіберуге міндетті. Бұл ретте Шартты бұзу Тараптарды Шартты бұзған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде толық көлемде төлеуге жататын нақты көрсетілген Қызметтерге ақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді қоса алғанда, бұзу күніне дейін туындаған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

10.3. Осы Шарт шеңберіндегі Клиенттің барлық Өтініштері, қосымшалар және осы Шартқа қатысты өзге де құжаттар оның ажырамас бөлігі болып табылады. Осы Шарттың қандай да бір бөлігінің жарамсыздығы немесе оны орындау мүмкінсіздігі оның басқа бөліктерінің жарамсыздығына немесе орындау мүмкінсіздігіне әкелмейді.

10.4. Осы Шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар, тарифтердің өзгеруін қоспағанда, Оператордың Интернет-ресурсында жарияланады және, егер Оператор өзгеше белгілемесе, жарияланған күннен бастап 10 (он) күн өткен соң күшіне енеді.

10.5. Осы Шартта көрініс таппаған барлық басқа сұрақтар бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

«Кселл контакт» қызметін ұсыну туралы қосылу шартына (Қосылу шарты) қосылу туралы өтініш

Осымен _____,

(заңды тұлғаның атауы (БСН) немесе ЖК Т.А.Ә, (Талон нөмірі) атауын көрсету),

«Кселл» АҚ (бұдан әрі - Оператор) «Кселл контакт» қызметін ұсыну туралы шартына (бұдан әрі - Қосылу шарты) қосылады және оның талаптарын толық қабылдайды.

Қосылу шартының мәтіні Оператордың ресми Интернет-ресурсында берілген(<https://b2b.kcell.kz/ru/direct-marketing/>)

РЕЗИДЕНТ ИӘ ___ ЖОҚ ___

Қала _____ Күні ___ - ___ - ___

КЛИЕНТ

Заңды тұлғаның атауы _____

БСН _____

Бірінші басшының Т.А.Ә. _____

ҚҚС есепке қою туралы куәлік Сериясы _____ № _____ Күні _____

Жеке кәсіпкердің атауы _____

ЖСН _____

IBAN _____

SWIFT _____ Қай банкте _____

ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЫ:

Пошта индексі _____ Облыс _____ Аудан _____

Қала _____

Көше _____ үй № _____ корпус _____ пәтер _____

e-mail _____

—

ХАТ-ХАБАР ЖЕТКІЗУ МЕКЕНЖАЙЫ

Пошта индексі _____ Облыс _____ Аудан _____

Қала _____

«Кселл Контакт» қызметі аясында Ақпараттық Науқан өткізуге өтінім

Шығ.№

Күні

_____ Сізден «Кселл Контакт» қызметін (немесе – Қызмет) төменде көрсетілген талаптарға сәйкес ұсынуды сұрайды:

<p>Хабардар ету арнасы</p> <p><input type="checkbox"/> SMS-хабарламалар тарату.</p>	<p>Сәйкестендіргіш (альфанумерик)</p> <p><input type="checkbox"/> Жалпы аты PROMO/SMART</p> <p><input type="checkbox"/> Жеке аты _____</p>
<p>Тарифті таңдау (қажеттісін белгілеу керек)</p>	<p><input type="checkbox"/> Базалық тариф</p> <p>Топтамалық ұсыныстар:</p> <p><input type="checkbox"/> «10 000 контакт» топтамасы</p> <p><input type="checkbox"/> «50 000 контакт» топтамасы</p> <p><input type="checkbox"/> «100 000 контакт» топтамасы</p> <p><input type="checkbox"/> «200 000 контакт» топтамасы</p>

Ақпараттандыруды таргеттеу критерийлері (қажеттісін белгілеу)

Облыс/Қала

Қазақстанның белгілі бір облысында соңғы 30 күнтізбелік күндегі аталмыш уақыт аралығында желіде неғұрлым жиі тіркелген абоненттік нөмірлер анықталады.

- | | | |
|------------------------------------|------------------------------------|--------------------------------------|
| <input type="checkbox"/> Ақтау | <input type="checkbox"/> Көкшетау | <input type="checkbox"/> Семей |
| <input type="checkbox"/> Ақтөбе | <input type="checkbox"/> Қостанай | <input type="checkbox"/> Талдықорған |
| <input type="checkbox"/> Алматы | <input type="checkbox"/> Қызылорда | <input type="checkbox"/> Тараз |
| <input type="checkbox"/> Астана | <input type="checkbox"/> Өскемен | <input type="checkbox"/> Түркістан |
| <input type="checkbox"/> Атырау | <input type="checkbox"/> Павлодар | <input type="checkbox"/> Орал |
| <input type="checkbox"/> Қарағанды | <input type="checkbox"/> Петропавл | <input type="checkbox"/> Шымкент |

Орналасқан жері

Соңғы 30 күнтізбелік күнде Клиент географиялық координаттар түрінде көрсеткен белгілі бір локацияда желіде неғұрлым жиі тіркелген абоненттік нөмірлер анықталады.

Координаттарды көрсетіңіз

Кіріс

Айлық кірістің белгілі бір деңгейіндегі абоненттер тобына жатуы әбден мүмкін абоненттік нөмірлер анықталады.

- >500 000 KZT
- 250 000 – 500 000 KZT
- 100 000 – 250 000 KZT
- <100 000 KZT

Жасы

Белгілі бір жас санаттарындағы абоненттер тобына жатуы әбден мүмкін абоненттік нөмірлер анықталады.

- 18 – 29
- 30-44

45-60

>60

Жынысы

Ер адам немесе әйел адам болуы әбден мүмкін абоненттік нөмірлер анықталады.

Әйел

Еркек

Роуминг

Соңғы 12 айда роумингте ең болмағанда бір рет тіркелген абоненттік нөмірлер анықталады.

Абонент өткен жылы роумингті пайдаланды.

Абоненттік құрылғы

Абоненттік құрылғының түрі анықталады: смартфон, планшет немесе телефон

Смартфон

Телефон

Планшет

Абоненттік құрылғы бренді

Абоненттік құрылғы бренді анықталады.

Apple

Samsung

HTC

Huawei

Lenovo

LG

ZTE

Басқа – көрсетіңіз

Абоненттік құрылғы үлгісі

Абоненттік құрылғы үлгісі анықталады.

Үтір арқылы көрсетіңіз

Қызығушылықтары

Белгілі бір қызығушылықтары бар абоненттерге тиесілі болуы әбден мүмкін абоненттік нөмірлер анықталады.

<input type="checkbox"/>	Hi-Tech
<input type="checkbox"/>	Автомобильдер
<input type="checkbox"/>	Бизнес және билік
<input type="checkbox"/>	Тұрмыстық және ұйымд. техникасы
<input type="checkbox"/>	Үй және отбасы
<input type="checkbox"/>	Кафе, кинотеатрлар, бос уақыт
<input type="checkbox"/>	Сұлулық
<input type="checkbox"/>	Мәдениет және өнер
<input type="checkbox"/>	Жиһаз
<input type="checkbox"/>	Медицина
<input type="checkbox"/>	Жылжымайтын мүлік
<input type="checkbox"/>	Білім беру және мансап
<input type="checkbox"/>	Киім және аяқ киім
<input type="checkbox"/>	Күзет және қауіпсіздік
<input type="checkbox"/>	Басқаларын сатып алу
<input type="checkbox"/>	Тағам өнімдері және супермаркеттер

	<input type="checkbox"/>	Өнеркәсіп және жабдық
	<input type="checkbox"/>	Спорт
	<input type="checkbox"/>	Құрылыс және жөндеу
	<input type="checkbox"/>	Көлік және жүк тасымалы
	<input type="checkbox"/>	Туризм
	<input type="checkbox"/>	Қаржы және заң қызметтері
	<input type="checkbox"/>	Уақыт факторы
	<input type="checkbox"/>	Басқа («Таргеттеу өлшемдеріне түсініктемелер» бағанына сипаттама қосу
Таргеттеу өлшемдеріне түсініктемелер		
Орыс тіліндегі SMS мәтіні (кириллица әліпбиінде және латын әліпбиінде 300 символдан аспауы керек)		
Қазақ тіліндегі SMS мәтіні (кириллица әліпбиінде және латын әліпбиінде 300 символдан аспауы керек)		
Ағылшын тіліндегі SMS мәтіні (опционды)		
Хабардар етуді өткізу кезеңі		
Хабардар етуге арналған абоненттердің жалпы мөлшері		
Таргеттеу өлшемдерін ескере отырып, бір контактінің құны		
Қызметтердің жалпы құны, теңге, ҚҚС-мен		

Клиент жауапты жұмыскерінің байланыс деректері

ТАӘ	
Лауазымы	
Байланыс телефоны	
Байланыс e - mail	

Хат алысу үшін мекенжай	
-------------------------	--

Егер қолданылса, Клиенттің базасы:

Телефон нөмірі

Клиент Қызметтің талаптарымен танысты және келіседі.

Клиент қойылған шоттарға сәйкес Қызмет ақысының уақытылы төленуіне кепілдік береді.

Осы Өтінім «Кселл» АҚ «Кселл контакт» қызметін ұсыну туралы шарттың (Қосылу шарты) ажырамас бөлігі болып табылады және оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Клиент

Оператор

«Кселл» акционерлік қоғамы

М.О.

М.О.

Санкциялық ескертпе

1. Осы №3 қосымшада (бұдан әрі мәтін бойынша - Қосымша) мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1.1. «Клиенттің аффилирленген тұлғалары» – Клиентті тікелей немесе жанама түрде бақылайтын, оның бақылауында болатын немесе Клиентпен бірге ортақ бақылауда болатын тұлғалар. Бақылау деп қатысу үлестерінің 50% -дан астамын иелену не басқару органдарының шешімдерін айқындау мүмкіндігі түсініледі.

1.2. Бұғатталған тұлға - кез келген уақытта, а) мүлкі немесе мүлікке құқығы қандай да бір Санкциялармен бұғатталған, (б) Санкцияларға сәйкес активтерді мұздату объектісі ретінде айқындалған, (в) тиісті Санкцияларға немесе Экспорттық бақылау шараларына сәйкес мәмілелерге тыйым салынған немесе (г) кез келген осындай тұлғаға тиесілі немесе бақыланатын кез келген тұлға.

1.3. «Санкциялар/экспорттық бақылау шаралары туралы қолданылатын заңнама» – Оператордың юрисдикциясына, меншік құрылымына немесе шарттық міндеттемелеріне байланысты Операторға қаншалықты қолданылатын болса, сондай көлемде ескерілетін Санкциялар (соның ішінде Бұғатталған тұлғаларға және секторлық санкцияларға ілігетін Субъектілерге қарсы) және Экспорттық бақылау;

1.4. «Санкциялар» – тиісті юрисдикцияның мемлекеттік органдары (бұдан әрі бірлесіп – «Үкімет органдары») салған, белгілеген немесе қолданысқа енгізген экономикалық немесе қаржылық санкциялар немесе сауда эмбаргосы.

1.5. Секторалдық санкцияларға түсетін субъект - кез келген уақытта, Үкімет органдары қолданатын немесе орындайтын секторалдық санкциялар қолданылатын кез келген Тұлға.

1.6. Экспорттық бақылау - тауарларды, технологияларды, техникалық деректерді, бағдарламалық жасақтаманы немесе көрсетілетін қызметтерді импортты, экспортты, кері экспортты, трансферді, шығаруды, тиіп-жөнелтуді, беруді немесе кез келген ұсынуды немесе алуды реттеуге байланысты заңдар немесе құқықтық актілер, сондай-ақ Үкімет органдары қолданатын және қолданысқа енгізген осындай сипаттағы кез келген заңдар немесе құқықтық актілер.

2. Оператордың алдын ала жазбаша келісімінсіз Клиент осы Шарт бойынша қандай да бір құқықтарды немесе артықшылықтарды толықтай немесе оның кез келген бөлігін үшінші тұлғаларға бермейді, ұсынбайды немесе өзге тәсілмен өткізбейді. Оператор кез келген әлеуетті мұрагерге тиісті тексеру жүргізуге құқылы, ал Клиент осы процесте Оператормен ынтымақтасуға тиіс.

3. Клиент Санкциялар/экспорттық бақылау шаралары туралы қолданылатын заңнаманы сақтауға міндеттенеді. Клиент жоғарыда айтылғандарды шектемей келесіге сенімділік береді және міндеттенеді:

3.1. Клиент те, оның лауазымды тұлғалары да, директорлары да, акционерлері де, Клиенттің мәліметтері бойынша оның агенттері, қызметкерлері немесе басқа да Аффилирленген тұлғалар да тиісті Санкциялармен немесе Экспорттық бақылау шараларымен мәмілелерге тыйым салынған Секторалдық санкциялар бойынша түсетін бұғатталған тұлға немесе субъект болып табылмайды.

3.2. Оператормен немесе осы Шартпен байланысты қандай да бір іс-әрекеттерге байланысты Клиент қандай да бір өнімдерді, жабдықтарды, технологияларды немесе бағдарламалық жасақтаманы қандай да бір Санкцияларды немесе Экспорттық бақылау талаптарын бұзу мақсатында кез келген елден немесе кез келген тұлға арқылы экспорттауға, кері экспорттауға, жөнелтуге, сатуға, жеткізуге немесе өзгеше түрде бермеуге тиіс.

3.3. Клиент Оператор үшін қандай да бір қолданылатын Санкцияларды/Экспорттық бақылау шараларын бұзу тәуекеліне әкеп соғатын іс-әрекеттер жасамайтын болады.

3.4. Клиент Операторға кез келген күдікті немесе расталған бұзушылықтар немесе Оператор алдындағы шарттық міндеттемелерді орындамау проблемалары туралы дереу хабарлауға тиіс.

4. Оператордың құқықтары мен міндеттері:

4.1. Оператор ішкі рәсімдерге сәйкес өз клиенттерінің тұрақты мониторингін және қадағалауын жүргізуге міндетті. Оператор өз қалауы бойынша осы тармақтың талаптарына сәйкес тиісті тексеру жүргізу мақсатында тәуелсіз үшінші тарапты таңдай алады. Клиент және оның Аффилиирленген тұлғалары тиісті тексеруді қарау, ұзарту немесе мерзімді жаңарту мәселелерінде толық көлемде және адал ынтымақтасуға тиіс. Тиісті тексеру бойынша қорытынды негізінде Оператор Шарттың талаптарын қайта қарауға немесе Шартты бұзуға құқылы.

4.2. Оператор осы Қосымшаның және Қолданылатын санкциялар/экспорттық бақылау шаралары туралы заңнаманың 2-4-тармағында көзделген талаптарды Клиенттің немесе оның Үлестес тұлғаларының сақтауын тексеру үшін сауалнамалар мен аудиттерді (тікелей немесе өз қалауы бойынша Оператор тарапынан тартылған тәуелсіз үшінші тараптар арқылы) жүргізуге құқылы. Мұндай сауалнамалар мен аудиттер көлемі, орналасқан жері, күні және уақыты тұрғысынан ақылға қонымды болады. Клиент, оның Аффилиирленген тұлғалары немесе Клиенттің атынан әрекет ететін үшінші тараптар осындай сауалнама немесе аудит шеңберінде толық көлемде және адал ынтымақтасуға тиіс.

4.3. Егер Оператор Клиент немесе оның Аффилиирленген тұлғалары осы Қосымшаның 2-4-тармағының не Санкциялар туралы қолданылатын заңнаманың талаптарын бұзды деп пайымдауға ақылға қонымды және құжатпен расталған негіздері болса, Оператор Клиентке тексеру жүргізу үшін күнтізбелік 30 күнге дейінгі мерзімге Қызмет көрсетуді тоқтата тұруға құқылы.

5. Клиенттің осы Қосымшада баяндалған кез келген растауларын және/немесе міндеттемелерін, соның ішінде Санкциялар мен Экспорттық бақылауға қатысты бөлігін сақтамауы, егер Оператордың құзыретті органдардың ресми ақпаратына немесе жүргізілген тексеру нәтижелеріне негізделген негізді пікірі бойынша бұл Оператор үшін қолайсыз салдарға әкеп соқтыруы мүмкін болса, Операторға тиісті шартта көрсетілген міндеттемелер мен жауапкершіліксіз Клиентпен жасалған кез келген және барлық қолданыстағы шарттарды біржақты тәртіпте дереу бұзуға құқық беретін елеулі бұзушылық ретінде қарастырылуы мүмкін.

6. Клиент Клиенттің осы Қосымшаның талаптарын бұзуы салдарынан туындаған құжатпен расталған шығындарды, айыппұлдарды, санкцияларды және шығыстарды (сот шығыстарын қоса алғанда) Операторға өтеуге міндеттенеді.

Клиент

Оператор

«Кселл» акционерлік қоғамы

М.О.

М.О.